

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP22685598 «Petrosimonia тұқымдас кейбір өсімдіктерден жаңа отандық, эффективті фитопрепарат алу жолын ұсыну»
Өзектілігі	Бүгінгі күнде Қазақстанда фармацевтика өндірісі толық дамымаған, халық денсаулығы үшін пайдаланылатын дәрі-дәрмектер өзімізде жеткіліксіз болғандықтан әлі күнге дейін импортқа тәуелдіміз. Кейбір препараттардың адам ағзасына әсер ету белсенділігі кейде шамалы және көбі синтездеп жасалатындықтан олар ағзадан толық шығарылмайды, бауыр және бүйрек сияқты маңызды органдарда қалдықтары жиналады, нәтижесінде адамдардың денсаулығын олар ары нашарлайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша, әлем халқының шамамен 65% медициналық көмекке дәстүрлі медицинаны қолданады. Бұрыннан ата-бабаларымыз пайдаланып келген дәрілік шөптердің құрамын зерттеп, белсенділігін анықтап, оларды халық денсаулығы үшін пайдалану және халықтық медицинаны жаңғыртып, фармацевтикалық өндірістің мұқтаждығын қамтамасыз ету <i>өзекті мәселе</i> болып табылады. Дәрілік өсімдіктердің әсер ету белсенділігі олардың құрамына байланысты болады.
Мақсаты	Фармацевтикалық өндірісті дамыту үшін дәрілік өсімдіктерден биологиялық белсенді кешендерді алудың заманауи әдістерін қолдана отырып, оңтайлы технологияны әзірлеу және халықтық медицинаны жаңғырту
Міндеттері	Алабұта тұқымдас (<i>Chenopodiaceae</i>) кейбір өсімдіктердің биологиялық белсенді заттарының сапалық құрамы және сандық мөлшерін анықтай отырып, салыстырмалы талдау жүргізу; - Зерттелетін өсімдіктердің салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша биологиялық белсенді кешендерді бөлудің оңтайлы технологиялық блок жүйесін жасау; - Аталған өсімдіктерден алынған кешендерді биологиялық белсенділікке сараптамаға жіберу; - Белсенділік көрсететін кешен негізінде жеке заттарды бөліп алып, физико-химиялық әдістермен құрылысын дәлелдеу; - Бөліп алынатын жеке заттарды биологиялық белсенділікке сараптау. Еліміздегі фармацевтикалық өндіріс пен отандық дәрі-дәрмектің қажеттілігін ескере отырып, ұсынылып отырған жобаның практикалық және әлеуметтік маңызы зор деп саналады.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Алабұта тұқымдас (<i>Chenopodiaceae</i>) <i>Petrosimonia</i> өсімдіктерінің кейбір түрлерінің химиялық құрамына сапалық және сандық талдау толық жүргізіледі. Зерттелетін өсімдіктер құрамынан биологиялық белсенді кешендері бөлу барысында ультра дыбысты экстракция, жоғары критикалық флюидті CO₂ экстракция және HPLC қатарлы заманауи әдістерді қолдана отырып, оңтайлы технологиялық блок-жүйелер ұсынылады. Бөліп алынатын жеке заттардың құрылысын дәлелдеу үшін CD, UV, IR, ¹³C-NMR, ¹H-NMR, FAB-MS,

	ESI-MS және HR-EI-MS сияқты озық үлгідегі физико-химиялық талтау әдістері қолданылады. Бөлініп алынатын кешендер мен жеке заттардың биологиялық белсенділігі зерттеледі. Зерттеу нәтижелері ғылыми кеңестерде талқыланады және мақала түрінде жоғары рейтингті Скопустың базаларының және білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің жоғары рейтингілі журналдарында, халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда кеңінен талқыланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Токтарбек М. - жоба жетекшісі, Scopus Author ID: 57209507812, https://orcid.org/0000-0002-0979-6944, Burasheva G.Sh. – консультант, Scopus Author ID: 6507458098,
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	М. Toktarbek, G.A. Seitimova, G.Sh. Burasheva. Optimization method for obtaininag a biologically active substances from the plant <i>Petrosimonia brachiata</i> // News of the academy of sciences of the republic of kazakhstan. Series chemistry and technology – 2024, - Vol. 3. - №. 460. – P. 175-185, ISSN 2224–5286 DOI: 10.32014/2024.2518-1491.245
Патенттер туралы ақпарат	-